

**Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК
Байқау кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№ 12

20.01.2023 жыл

Орналасқан орны: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, №32 ғимарат.

Отырысты ашу уақыты және өткізу орны: 20.01.2023ж сағ.12-00, Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» (бұдан әрі Кәсіпорын) МКК ғимараты.

Байқау кеңесінің мүшелері қатысты: А.О.Сапарғалиева, М.Н.Зұлпыхар, М.Ж.Карабеков, И.М.Глазбная.

Байқау кеңесінің мүшелері қатыспады: Г.Т.Нұрдаулетова (еңбек демалысында).

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі сұрақтардың мәні бойынша пікірлері жазылған жазбаша хабарламаларды ұсынды: жоқ.

Кворум туралы ақпарат: бар.

Байқау кеңесінің хатшысы: Д.Д.Избаева.

Шақырылған тұлғалар: Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 Оңалту орталығы» МКК бас бухгалтері Т.К.Нарбекова, бухгалтер А.Бесбай.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Байқау кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- 2) Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 3) Комплаенс қызметін заңгерге жүктеу.

Байқау кеңесі осы күн тәртібін қарап шығып, **ШЕШТІ:**

Байқау кеңесінің бүгінгі отырысының күн тәртібі бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

КОЛДАУ - 4 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, М.Н.Зұлпыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 4 дауыспен.

1.Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз сөйледі - Байқау кеңесінің төрағасы М.Н.Зұлпыхар: Байқау кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабына сәйкес әзірленгендігін және осы баптағы байқау кеңестері қарауы тиіс барлық мәселелер кеңестің ұсынылып отырған 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізілгендігін айтып, аталған



жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды.

Байқау кеңесінің мүшесі А.О.Сапарғалиева: 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына Кәсіпорында құрылған комплаенс офицері қызметкерінің атқарған жұмыстары бойынша есепті тыңдауды қосуды ұсынды.

Байқау кеңесінің мүшесі М.Ж.Карабеков: Комплаенс офицері қызметкерінің есебі 2023 жылы неше марте тыңдалуы қажет деген сұрақ қойды.

Байқау кеңесінің мүшесі А.О.Сапарғалиева: Бекітілген талаптарға сәйкес, жылына екі рет тыңдалуы керек, осы жылдың 2-тоқсанында комплаенс офицері қызметкерінің өткен жылғы атқарған жұмыстарының есебін, ал ағымдағы жылдың есебін осы жылдың соңында тыңдаймыз деді.

Сұрақты қарастыру қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Байқау кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына комплаенс офицері қызметкерінің атқарған жұмыстары бойынша есебін тыңдау қосылып, бекітілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

ҚОЛДАУ - 4 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, М.Н.Зұлпыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 4 дауыспен.

2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз сөйледі - Кәсіпорын бас бухгалтері Т.К.Нарбекова: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Кәсіпорын міндетті қаржылық аудит жүргізуі тиіс. Осыған сәйкес, бірнеше қаржылық аудит жүргізетін ұйымдардан баға ұсыныстары сұратылып, ең аз баға 500 000 теңге қаржыға аудит жүргізуге келіскен ұйымның баға ұсынысы Кәсіпорын үшін ең тиімді екендігін айтып, осы соммадағы қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындауды ұсынатындығын мәлімдеді.

Сұрақты қарастыру қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Кәсіпорынның қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшері 500 000 (бес жүз мың) теңге болып айқындалсын.

Дауыс беру қорытындылары:


ҚОЛДАУ - 4 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, М.Н.Зұлпыхар)

ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 4 дауыспен.

3. Күн тәртібінің соңғы үшінші сұрағы бойынша сөз сөйледі - Байқау кеңесінің төрағасы М.Н.Зұлпыхар: Комплаенс офицерінің қызметін заңгерге ауыстырудың себебі неде деп сұрады.



А.О.Сапарғалиева: Кәсіпорынның заңгеріне жүктеуді ұсыну себебіміз, заңгердің мемлекеттік ұйымдарда өз мамандығы бойынша және де кадр қызметінде жұмыс атқару тәжірибесі мол, яғни ол алдын да сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жұмыстарды атқарған. Сондықтан негізінен жеке меншік секторда жұмыс істеген Байқау кеңес хатшысына қарағанда заңгердің өз тәжірибесін пайдаланып комплаенс қызметін жетілдіру бағытында жұмыстарды жандандырады деп өз ойын айтты.

Байқау кеңесінің мүшесі И.М.Глазбная: Қазіргі таңда еліміздегі ең басты әрі өзекті мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып отырғаны белгілі. Кәсіпорын үшін де бұл басты бағыттардың бірі болуы қажет, егерде бас дәрігер комплаенс қызметін заңгерге жүктеген дұрыс деп ұсынса қолдаймыз, бастысы Кәсіпорында жемқорлықпен тоқтаусыз әрі шынайы күрес жүргізілуі тиіс деп атап өтті.

Сұрақты қарастыру қорытындысы бойынша Байқау кеңес **ШЕШТІ:**

Комплаенс офицері лауазымының міндеттерін атқару Кәсіпорын заңгеріне жүктеу келісілсін.

Дауыс беру қорытындылары:

ҚОЛДАУ - 4 дауыс (А.О.Сапарғалиева, И.М.Глазбная, М.Ж.Карабеков, М.Н.Зұлпыхар)


ҚАРСЫ - 0 дауыс (жоқ)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (жоқ)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 4 дауыспен.

Отырыстың жабылу уақыты: 12:45

Байқау кеңесінің төрағасы:

 М.Н.Зұлпыхар

Байқау кеңесінің мүшелері:

И.М.Глазбная



М.Ж.Карабеков



А.О.Сапарғалиева



Байқау кеңесінің хатшысы:



Д.Избаева